ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

8 қаңтар 2024 жыл № 7527-23-00-2/15353 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Г.С.Касымбаева, талаптар бойынша азаматтық істі жеңілдетілген тәртіпте қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Бердалиева Бувайша Айтбаевна «Бердалиева Б.»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тауардың ақауларын жоюды мәжбүрлеу

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Бувайша Айтбаевна Бердалиеваны «Бердалиева Б.» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылысын.

Жеке кәсіпкер Бердалиева Бувайша Айтбаевнаға 10.07.2023 жылғы №ЦП/102 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша жеткізілген жарамсыз 1 дана жүйелі блоктың ақауларын жоюға мәжбүрленсін.

Жеке кәсіпкер Бердалиева Бувайша Айтбаевнадан мемлекеттік кірісіне мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жетіжүз жиырма бес) тенге мөлшерінде өндіріп алынсын.

Құжатқа қол қойылған: Касымбаева Г. С., 08.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.02.2024, судья Касымбаева Г. С., 08.04.2024
7527-23-3-1/18766

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья Г.Касымбаева

Құжатқа қол қойылған: Касымбаева Г. С., 08.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.02.2024, судья Касымбаева Г. С., 08.04.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

7527-23-3-1/18766